

Валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдері және ырықтандыру шараларын қабылдау туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 194 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 716 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.09.2022 № 716 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдері және ырықтандыру шараларын қабылдау туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Ұзақбайұлы Маминге Валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдері және ырықтандыру шараларын қабылдау туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 сәуірдегі
№ 194 қаулысымен
мақұлданды
Жоба

Валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдері және ырықтандыру шараларын қолдану туралы КЕЛІСІМ

Армения Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Орталық банкі, Беларусь Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Орталық банкі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 64-бабының 4-тармағына сәйкес

валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдерін әзірлеу және ырықтандыру шараларын қолдану мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жалпы ережелер

Осы Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің тәсілдерін және ырықтандыру шараларын айқындайды.

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар Шартта (атап айтқанда, Шартқа № 8 және № 15-қосымшаларда) айқындалған мағынада түсініледі.

2-бап

Мүше мемлекеттердің аумағында шетел валютасын сатып алу және сату (конверсиялау)

Мүше мемлекеттердің аумағында шетел валютасын және чектерді (оның ішінде жол чектерін) сатып алу және сату (конверсиялау) аумағында тиісті операция жүргізілетін мемлекеттің валюталық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-бап

Мүше мемлекеттер резиденттерінің валюталық операциялары

1. Осы Келісімде және осы мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттің аумағында есеп айырысуларды жүргізген кезде шетел валютасын пайдалануға тыйым салынады.

2. Мүше мемлекеттер өздерінің резиденттері жүзеге асыратын мынадай валюталық операцияларға қатысты валюталық шектеулерді қолданбайды:

1) тауарларды беруге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге және Одақтың кеден аумағы шегінде ақпаратты беруге байланысты бір мүше мемлекеттің резиденттері мен басқа мүше мемлекеттің резиденттері арасындағы есеп айырысулар;

2) басқа мүше мемлекеттің резидент заңды тұлғасының жарғылық капиталына (жарғылық қорына) қатысуды қамтамасыз ету мақсатында бір мүше мемлекет резиденттерінің акцияларды, үлестерді сатып алуына, салымдарды (пайларды) енгізуіне байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар;

3) мүше мемлекеттердің ұйымдасқан нарықтары (биржалары) арқылы мемлекеттік бағалы қағаздарды және мүше мемлекеттердің резиденттері эмиссиялаған басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты бір мүше

мемлекеттің резиденттері мен басқа мүше мемлекеттің резиденттері арасындағы есеп айырысулар;

4) бір мүше мемлекет резиденттерінің басқа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген жылжымайтын мүлікті сатып алуына байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар;

5) бір мүше мемлекет резиденттерінің басқа мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарымен тиісті шарттар бойынша кредиттер мен қарыздар беруге, алуға және қайтаруға, пайыз сомалары мен айыппұл санкцияларын төлеуге байланысты операциялары бойынша есеп айырысулар;

6) бір мүше мемлекет резиденттерінің басқа мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарының банк кепілдіктерін алуға және орындауға, сондай-ақ осындай уәкілетті ұйымдармен жасалған кепілдеме және кепіл шарттары бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар;

7) жеке тұлғалар Одақтың кеден аумағы шегінде жүзеге асыратын ақшалай қаражат аударымдары.

3. Мүше мемлекеттің заңнамасында осы мемлекеттің аумағында валюталық шектеулер қолданылмайтын өзге де валюталық операциялар көзделуі мүмкін.

4. Мүше мемлекеттердің резиденттері Одақтың кеден аумағы шегінде мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарымен жеке тұлғалар арасында төлемдер және ақшалай қаражат аударымдарын жүзеге асырған жағдайда уәкілетті ұйымдардағы банк шоттарын пайдаланбай валюталық операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға құқылы.

Мүше мемлекеттің заңнамасында осы мемлекеттің аумағындағы уәкілетті ұйымдарда банк шоттарын пайдаланбай валюталық операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудың өзге жағдайлары көзделуі мүмкін.

5. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, валюталық операцияларды жүргізу тәртібі аумағында валюталық операция жүргізілетін мүше мемлекеттің валюталық заңнамасында белгіленеді.

4-бап

Мүше мемлекеттер резиденттерінің және үшінші елдер резиденттерінің шоттары (салымдары)

1. Бір мүше мемлекеттің резиденттері басқа мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарында шетел және ұлттық валютамен шоттарды (салымдарды) шектеусіз аша алады және олар бойынша аумағында көрсетілген шоттар (салымдар) ашылған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен операцияларды жүзеге асыра алады.

2. Мүше мемлекеттердің резиденттері үшінші елдерде орналасқан банктерде шетел және ұлттық валютамен шоттарды (салымдарды) аша алады және өз

мемлекетінің заңнамасына сәйкес олар бойынша операцияларды жүзеге асыра алады.

3. Үшінші елдердің резиденттері уәкілетті ұйымдарда шетел және ұлттық валютамен шоттарды (салымдарды) ашуға және аумағында көрсетілген шоттар (салымдар) ашылған мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен олар бойынша операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

5-бап

Ырықтандыру шаралары

Мүше мемлекеттерде олардың резиденттері арасындағы валюталық операцияларға қатысты, сондай-ақ бір мүше мемлекет резиденттерінің басқа мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарында банк шоттарын ашуына және жүргізуіне қатысты рұқсаттар (жеке рұқсаттар) алу туралы талап қолданылмайды.

Мүше мемлекеттерде өз мемлекетінің резиденттеріне қатысты шетел валютасын міндетті сату туралы талап қолданылмайды.

Осы баптың ережелері Шартта көзделген валюталық шектеулерді енгізу жағдайларына қолданылмайды.

6-бап

Мүше мемлекеттер резиденттерінің ақшалай қаражатты репатриациялауы

1. Мүше мемлекеттің резиденттері бейрезиденттермен жасалатын шарттар (келісімшарттар) бойынша, егер өз мемлекетінің заңнамасында өзгеше мерзімдер көзделмесе, осындай шарттарда (келісімшарттарда) белгіленген мерзімдерде:

1) бейрезиденттерден өз мемлекетінің уәкілетті ұйымдарындағы өздерінің банк шоттарына бейрезиденттерге берілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер, берілген ақпарат үшін көрсетілген шарттардың (келісімшарттардың) талаптарына сәйкес тиесілі ақшалай қаражат алуды;

2) өз мемлекетінің уәкілетті ұйымдарындағы өздерінің банк шоттарына осы мемлекеттің аумағына әкелінбеген (осы мемлекеттің аумағында алынбаған) тауарлар, орындалмаған жұмыстар, көрсетілмеген қызметтер, берілмеген ақпарат үшін бейрезиденттерге төленген ақшалай қаражатты қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Осы бапта көзделмеген жағдайларда, мүше мемлекет резиденттерінің ақшалай қаражатты репатриациялауы туралы талап осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес қолданылады.

Мүше мемлекеттің заңнамасында осы мемлекет резидентінің шетел немесе ұлттық валютадағы ақшалай қаражатты осы мемлекеттің уәкілетті

ұйымдарындағы өзінің банк шоттарына аудармау құқығы болатын жағдайлар белгіленуі мүмкін.

7-бап

Валюталық операцияларды есепке алу және бақылау

1. Мүше мемлекеттер резиденттерінің және бейрезиденттерінің осы Келісімді және валюталық заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету валюталық бақылаудың (валюталық заңнаманың сақталуын қадағалаудың) мақсаты болып табылады.

2. Валюталық бақылау (валюталық заңнаманың сақталуын қадағалау) мынадай негізгі бағыттар:

1) мүше мемлекеттердің резиденттері және бейрезиденттер жүзеге асыратын валюталық операциялардың осы Келісімнің және аумағында осындай операциялар жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің валюталық заңнамасының ережелеріне сәйкестігін айқындау;

2) валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің толықтығын және дәйектілігін тексеру;

3) валюталық операциялар бойынша төлемдердің негізділігін және оларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың болуын тексеру;

4) бір мүше мемлекет резиденттерінің басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарында немесе үшінші елдердің банктерінде шоттар ашуына және жүргізуіне қойылатын талаптардың сақталуын тексеру бойынша жүзеге асырылады.

3. Мүше мемлекетте валюталық бақылау (валюталық заңнаманың сақталуын қадағалау) осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Валюталық операциялар бойынша есепке алу және есептілікті жүргізу тәртібі мен нысандары мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына және заңнамасына сәйкес белгіленеді.

8-бап

Валюталық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік туралы нормаларды үйлестіру

1. Мүше мемлекеттер валюталық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке қатысты бөлігінде өзінің заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз етеді, атап айтқанда мыналарды белгілеуге бағытталған шараларды қабылдайды:

1) мынадай бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік:
заңсыз (тыйым салынған) валюталық операцияларды немесе валюталық операцияларды валюталық заңнаманы бұза отырып жүзеге асыруы;

мүше мемлекет резидентінің өзі резиденті болып табылатын мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарындағы өзінің банк шоттарына міндетті түрде

аударылуға тиіс ақшалай қаражатты репатриациялау міндетін белгіленген мерзімде орындамауы;

валюталық заңнаманың талаптарына сәйкес ақпаратты, құжаттарды, есепке алу және есептілік нысандарын ұсынбауы немесе ұсынудың белгіленген тәртібін және (немесе) мерзімдерін сақтамауы;

2) мүше мемлекет резидентінің өзі резиденті болып табылатын мүше мемлекеттің уәкілетті ұйымдарындағы өзінің банк шоттарына міндетті түрде аударылуға тиіс ірі көлемдегі (аса ірі көлемдегі) ақшалай қаражатты репатриациялау міндетін белгіленген мерзімде орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілік.

2. Осы Келісімге қатысушылар 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін валюталық заңнаманы бұзғаны үшін санкциялардың түрлеріне және мөлшеріне қатысты құқық бұзушылықтардың құрамын және талаптарды үйлестіруге бағытталған шараларды қабылдайды.

9-бап

Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар Шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

10-бап

Мүше мемлекеттерде валюталық реттеу және валюталық бақылау (валюталық заңнаманың сақталуын қадағалау) шараларын қолдану

Осы Келісімдегі ешқандай жағдай осы мемлекеттің осы Келісімге қол қою күнгі заңнамасында көзделген шараларға, оның ішінде ақшалай қаражатты репатриациялауды реттейтін шараларға және ақшалай қаражатты репатриациялау бойынша міндетті орындамағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларына қарағанда аз ырықтандырылған валюталық реттеу және валюталық бақылау (валюталық заңнаманың сақталуын қадағалау) шараларын қолдану мүше мемлекетке талап ретінде түсіндірілмеуге және қолданылмауға тиіс.

11-бап

Өтпелі ережелер

Беларусь Республикасы үшін осы Келісімнің 3-бабы 2-тармағының, 4-бабы 1-тармағының және 5-бабының ережелері 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады. Бұл ретте Беларусь Республикасы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Келісім күшіне енген күні белгіленген ішкі валюта нарығында шетел

валютасын міндетті түрде сату нормативінен аспауға өзіне міндеттемелер қабылдайды. Беларусь Республикасы үшін 2020 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Беларусь Республикасы резиденттерінің ақшалай қаражатын репатриациялау мерзімдеріне қатысты өз заңнамасын қолдану құқығы сақталады.

Өтпелі кезеңнің белгіленуіне байланысты Беларусь Республикасы осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында көрсетілген мүше мемлекеттер резиденттерінің валюталық операцияларын жүзеге асыру, осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес олардың шетел және ұлттық валютадағы шоттарын (салымдарын) ашу және жүргізу, сондай-ақ осы Келісімге қол қойылған күнгі жағдай бойынша Беларусь Республикасында қолданылған талаптармен салыстырғанда осы шоттар (салымдар) бойынша операцияларды жүзеге асыру талаптарын нашарлатпауға өзіне міндеттемелер қабылдайды.

Осы баптың ережелері Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестицияларды тағайындау, олардың қызметі және оларды жүзеге асыру туралы хаттаманың (Шартқа № 16-қосымша) 8-тармағына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Осы баптағы ешқандай жағдай тиісті экономикалық талаптар болған кезде осы Келісімнің 3-бабы 2-тармағының, 4-бабы 1-тармағының және 5-бабының ережелерін 2020 жылғы 1 қаңтардан ерте қолдануға Беларусь Республикасы үшін кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

12-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Одақтың құқығына кіреді.

Осы Келісімге қатысушылардың өзара келісімі бойынша оған осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы баптың үшінші абзацында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен кейін келесі күні күшіне енеді.

20__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның расталған көшірмесін әрбір мүше мемлекетке жібереді.

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Орталық банкі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Ұлттық банкі үшін

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі үшін

Қырғыз Республикасының
Ұлттық банкі үшін

Ресей Федерациясының
Орталық банкі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК